

R00073 12.12.2020

СОЛ ЖАҚТА-ОҢ ЖАҚТА, ЗАТТАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ

ЕРЖАНОВА АЙНУР КУРБАНОВНА

Павлодар облысы Железинка ауданы Ақтау ауылы

"Березовка ЖББНМ»КММ. Тәрбиеші

Мақсаты: тәулік түн бөлігімен таныстыру; осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс заттарды көлеміне қарай(үлкен-кіші)және санына қарай (үлкен -кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты, үлкен және кіші затты таба білуді дамыту.

Шыдамдылыққа,қызығушылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер:Ойыншық қоян,перде,заттардың оң жақ немесе сол жақ екенін көруге болатын сурет.

Қостілділік компонент: Сол жақта-слева,оң жақта-справа,дөңгелек- круг.

Оқу қызметінің кезендері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық

Ғажайып сәт.

Жұмбақ жасырады.

Қалқиып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады.(қоян)

Сендер мұның не екенін білесіңдерме?

-Перденің артынан қоян шығады.

Балалармен амандасады.

Қоян балалардан өткен оқу қызметінде тәуліктің қай бөлігі туралы әңгімелегендерін еске түсіруді сұрайды.

Қызығушылық танытады.

Тыңдап шешуін айтады: қоян

-Иә,бұл қоян.

Балалар сұраққа жауап береді:таңертең,күндіз, кеш,түн.

Ұйымдастырушылық –ізденістік

«Не қайда тұр»ойыны.

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

«Қалқиған екі құлағы,

Тырс етсе зытып тұрады.

Өзі ноян, Бұл қорқақ....»(Қоян)

Қоян өзін суреттен табуын сұрайды.

Қоян балаларға мыныдай сұрақтар қойып, олармен әңгімелеседі.

-Менің сол жағымда не отыр?

-Менің оң жағымда қандай аң отыр?

Сергіту минуты. «Қоян»

Ыршып-ыршып секіріп ,

Қоян келді кеңкііп.

Аяқтары жаураған,

Қолдары да жаураған,

Жылытпақ боп тырысты

Жүгірді де қуысты.

Бір жоғары, бір төмен

Жүр аяқтың ұшымен.

Секіреміз, отырамыз,

Аяқтарды жылытамыз.

Балалар жұмбақты мұқият тыңдап, шешуін табады.

Балалар суреттен қоянды табады.

-Түлкі отыр.

-Қасқыр.

Рефлексиялық-түзетушілік

Қоян тапсырманы дұрыс орындағандары үшін балаларға рахмет айтады. Балалармен қоштасады.

Сұрақ қояды:

-Біз қарындашты қай қолымызбен ұстаймыз?

-Енді, сол қолдарыңды көтеріңдер.

-Біздің тобымыздағы дөңгелек пішінді заттарды атап беріңдерші?

Балалар қуанады.

Қоянмен қоштасады.

-Оң қолымызбен.

Сол қолдарын көтереді.

Балалар аттай бастайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: заттар мен фигуралардың саны бойынша әртүрлі топтарын атайды;

Игерді: сол жақты-оң жақты, қанша болса, соншаны;

Меңгерді: қоршаған ортадан дөңгелек пішінді заттарды таба білуді.

R00074 12.12.2020

Қауіпті табиғат құбылыстары


АБДУЛОВА НАЗГУЛЬ АЛИБАЕВНА

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы
«№17 ұлттық өркендеу орта мектеп- кешені» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Пән: Дүниетану Бөлім: Қоршаған орта Күні: Сынып:	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Қауіпті табиғат құбылыстары
Оқу мақсаты	2.2.2.1.Ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін талдау
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерлерін талдайды. Көптеген оқушылар: Адамдарға қауіп туғызатын және қауіп туғызбайтын табиғат құбылыстарын ажыратып, одан қорғану жолдарын біледі Кейбір оқушылар: Шаруашылықтарға қандай табиғат құбылыстар зиян келтіретінін және одан қорғану жолдарын біледі.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану, жинақтау
Бағалау критерийлері	• Табиғат құбылыстары туралы біледі. • Қолайсыз және қауіпті табиғат құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді. • Табиғаттың қолайсыз және қауіпсіз құбылыстарын талдау арқылы топтастырады.
Тілдік мақсат	-Климат және сәйкес табиғи құбылыстар тақырыбын бейнелейтін лексиканы оқып үйренеді.

	- Табиғи жағдайлар туралы айта алады. - Табиғи қолайсыз жағдайларды анықтай алады.	
Құндылықтарды дарыту	Топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында ынтымақтастық орта қалыптастыру. Адамгершілік, алған білімді қолдана білу, еңбексүйгіштік қасиеттерді насихаттау.	
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану пәнімен табиғи құбылыстарын ерекшелігін жіктеу. Әдебиеттік оқу ауызекі сөйлеу тілдері дамиды.	
АКТ қолдану дағдылары	Ғаламтордан алған суреттер, интербелсенді тақта	
Алдыңғы білімді игерулері	Табиғат құбылыстарын атау	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5минут	Ширату тапсырмасы. Оқушыларды «Пазл» әдісі арқылы табиғат құбылыстарын құрастыру арқылы 3 топқа бөлу. 1-топ «Жаңбыр» 2-топ «Найзағай» 3-топ «Жел» «Кір жайғыш» әдісі арқылы жұмбақтарды шешеді. Жұмбақтар конвертке жасырылады, кір жайғыштан алады. 1.Дүрліктіріп қырқаны Шақпақ тастың жарқылы. Бұлт көрпесін жыртады.(найзағай) 2.Таудан топ түсті, Аяқ-қолы жоқ түсті.(бұршақ) 3.Жылт-жылт еткен, Жылғалардан өткен.(су) 4.Үлкен алтын табақтан Әлемге нұр таратқан.(күн) 5. Шөпті жапырып, Құмды сапырып, Қоқысты үйіріп, Әкеткен не шүйіріп? (Құйын)	интербелсенді тақта, табиғат құбылыстарының суреттері 

	-Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не деп ойлайсындар? - Табиғат құбылыстары. - Табиғат құбылыстары нені құрайды? - Ауа райын. Бүгінгі біздің сабағымыз қауіпті табиғат құбылыстарымен танысамыз және де ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін білетін боламыз. ҚБ «Дұрыс па, бұрыс па?» әдісі	
Сабақтың ортасы 10 минут	Білу және түсіну МК: Табиғатта болып тұратын өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Тірі және өлі табиғатта үнемі өзгерістер болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: ағаштар мен шөптер көктейді және құрайды. Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары. Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. 1-тапсырма ТЖ«Ойлан,топтас,бөліс» әдісі. Табиғат құбылыстары туралы айтады және пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетіп, сәйкестендіреді. I-топ Найзағай адамға қандай зиян келтіреді? II- топ. Құрғақшылықтың адам өміріне зияны? III-топ Толассыз жауынның адам өміріне әсері. Дескриптор • Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. • Пайдасы мен зиянын талдау арқылы көрсетеді. • Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді.	Оқулық 87бет 
10минут		

10 минут	ҚБ «Қөңілді жұлдыздар» 2-тапсырма «Мозайка» әдісі Барлық оқушыларға табиғат құбылыстарының суреті беріледі, аталған құбылыстарды топтастырады. Қолайсыз Қауіпті Дескриптор Қолайсыз және қауіпті құбылыстарды топтастырады. ҚБ «Қол шапалақтау» Тапсырманы өте жақсы деңгейде орындаған оқушыны қол шапалақтау арқылы бағалау 3-тапсырма «Сия жұмсаушы» әдісі арқылы табиғат құбылыстары туралы кластер құрастырады.  Дескриптор: - Табиғат құбылыстарының қауіпті жағдайларын атайды - Табиғат құбылыстары туралы жазады. - Қолайсыз және қауіпті құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді. Саралау: Жұмысқа берілген қысқа уақытта әр топ тез және үйлесімді жұмыс жүргізе біледі. ҚБ «Бір-бірін бағалау» әдісі Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды. Өз жұмысында нені жақсарту керектігін анықтайды.	Оқулық 89 бет
Сабақтың соңы 5 минут	ҚБ «Кім жылдам» әдісі Табиғи қауіп төнген кезде қажет болатын заттарды 1 минут ішінде сөмкеңе сал!	

	Рефлексия -қолымнан бәрі келді  -бәрін үлгеремін, бірақ...  -қолымнан ештеңе келмейді  Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді үш түрлі суреттің біріне стикерлеріңізді жапсырыңыздар.	 слайд
Үйге тапсырма	Түсініп оқу 87-89 бет	
Саралау Төмендегі саралау тапсырмаларын сынып оқушыларының қажеттілігіне қарай мұғалім өзгертіп отыруы қажет.	Бағалау -оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын ың сақталуы
1,2,3 тапсырма – «Тапсырма бойынша саралау» негізінде «Пазл», «Кір жайғыш», «Ойлан, топтас, бөліс», «Мозайка», «Кім жылдам?», «Сия жұмсаушы» әдістер арқылы тапсырмалары орындалады. Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі. «Уақыт арқылы саралау» негізінде «Рефлексия» әдісі арқылы тапсырма орындалады. Бұл тапсырма	«Дұрыс па, бұрыс па?» әдісі, «Қол шапалақтау» әдісі, «Көңілді жұлдыздар», «Бірін-бірі бағалау» әдісі Дескриптор: -Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. -Пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетеді. -Қауіпті табиғи құбылыстар кезінде 112 құтқару қызметінің рөлі мен маңызын есте сақтайды. -Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді	Демалыс кезіндегі қауіпсіздікті сақтау, өз заттарына ұқыптылықпен қарау.

кезінде пікірлерді дәлелдеуде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға қолдау беріледі.		
Сабақ бойынша рефлексия Саралау тәсілдері арқылы сабақты ұйымдастыру ұнады. Оқу мақсаттарын , сабақ мақсаттарын, бағалау критерийлері мен дескрипторларын байланыстыра отырып, белсенді оқуды жоспарлау мен үшін құнды болды.		
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: Оқушылардың қарқын тәсіл арқылы, деңгейлерін анықтау. 2:Топта ұйымшылдық жұмыс жасағандары. Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: Оқушылармен диалогқа жиі түсу арқылы олардың қажеттілігін біліп отыру. 2: Оларды үнемі қолдап мадақтап, қолпаштап отыру. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? 1. Оқушыларымның мүмкіндік деңгейінің жоғары екенін, шығармашылық қабілеті бар оқуларыммен жеке жұмыстарды жандандыру керек екенін білдім.		

R00075 12.12.2020

Б. Әдет. Бүршік

КОСАЕВА МАНШУК САХИЕВНА

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шайыр ауылы
"Маңғыстау аудандық білім бөлімінің Т.Жалғасбайұлы атындағы
жалпы білім беретін Шайыр мектебі"КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Күні	Сыныбы : 3	Мұғалім :	Оқу ісінің орынбасары:
Пәні: әдебиеттік оқу	Тақырыбы: Бүршік Бекболат Әдет		
Пән аралық байланыс:	Дүниетану, еңбек, бейнелеу		
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады:	Мәтіннің мазмұнын түсініп оқуға, кейіпкер туралы туралы ой айтуға мүмкіндік беру.	
		Оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын табиғат құбылыстары арқылы кеңейту..	
	Кейбір оқушылар орындай алады:	Ойын түрлері арқылы ізенімпаздық қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	
Тілдік мақсат:	Оқушылар орындай алады:	Мәнерлеп, түсініп, сауатты оқиды	
	Түйіндегі сөздер мен сөз тіркестері:	Көктем, күн,, бүршік, жапырақ, Табиғат ананың оянуы	
	Сыныптағы диалог(жазылым үшін сай келетін тіл стилі)	-Бүршік жарық дүниенің есігін қандай көңіл күймен ашты? -Айналадағы әдемілік пен өмірдің жасырын сырларын Бүршік қалай түсінеді? -Бүршіктен пайда болуынан табиғаттың қандай заңдылық байқалды?	
«Мәңгілік ел» идеясы	Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы	Рухани жаңғыру Білімді іздену, туған жерімізді көркейту, ағаш отырғызу	
Алдыңғы оқу:	Бозторғай-дала сәні.		
Жоспар			
Жоспарланған уақыт:	Жоспарланған жаттығулар(төменде жоспарланған жаттығулар мен ескертпелерді		Ресурстар

	жазыңыз)	
Басталуы:	Психологиялық дайындық Табиғатты қорғай біл, Аң-құсын да қолдай жүр. Білуіміз керек мұны біз, Біз де табиғаттың ұлымыз. Табиғат бөлек деменіз, Сол үшін жауап береміз Оқушыларды бағалау парақшасымен таныстырып, сабақ барысында өз-өздерін сол берілген критериілер бойынша бағалауын ұсыну	Жұмыс дәптері Бағалау парақша-сы Слайд Оқушы жұмыста-ры
	Үй тапсырмасын тексеру «Бозторғай-дала сәні» мәтінінің мазмұны мен, «Бозторғай» өлеңін жатқа сұрау Бозторғай қандай құс? • Сипатта • Қазақстанда неше түрі кездеседі? • Бозторғай неше жұмыртқа салады? • Аңшылық өнерде бозторғайға қатысты қандай ырымдар бар екен? • Бозторғай-дала сәні» мәтінінің мазмұнын сұрау.	
Ортасы :	Ой шақыру «Ретін тап» ойыны. 1.Жапырақ, сабақ, гүл, тамыр,тұқым, жеміс. 2.Қыс, күз, көктем, жаз. 3.Күн,бүршік, көктем, жапырақ.	Интербел-сенді тақта, слайд Автор суреті Оқулық
	Күн,бүршік, көктем, жапырақ Осы атаулардың ең кішісі қайсысы?	
	 	
	Бекболат Әдетов Қазақ журналистикасының ардагері, жетпісінші-сексенінші жылдардағы «Социалистік Қазақстан» басылымының белді журналисі, тамаша аудармашы	

	Мағынаны тану Оқулықпен жұмыс «Араласып кеткен оқиғалар» әдісі -Бүршік жарық дүниенің есігін қандай көңіл күймен ашты? -Айналадағы әдемілік пен өмірдің жасырын сырларын Бүршік қалай түсінеді? -Бүршіктен пайда болуынан табиғаттың қандай заңдылық байқалды? -Бүршіктен басқа көктемде оянатын қандай тіршілік иелерін атар едім. Жануарлар, шыбын-шіркей,жәндіктер	
	Сергіту сәті Бүршік тітіркенді Бүршік шіміркенді. Бүк түсіп, бүрісіп жатты, Бүршік көзін ашты. Бейнеролик «Бүршік қалай пайда болады?» Жұптық жұмыс -Балалар, бүршік ағаштың көктем келуіне байланысты алғашқы белгісі екен.Бүршіктен кейін қандай өзгеріс болады? -Жапырақ. -Ал, жапырақтың түсінің жасыл болуы неге байланысты? -Өйткені, күн жылуының әсерінен жапырақта хлорофилл деген зат алмасу процесі жүреді.Сондықтан жапырақ жасыл болады. -Ендеше, сендер қысқаша «Көктемдегі ағаштардың оянуы» тақырыбына сахналық қойылым құрастырыңдар. Ой толғаныс «Биопозма» әдісі 1. Аты: бүршік 2. Сипаттайтыны: табиғат 3. Жақсы көретіні :көктем,күн,су,ауа 4. Қорқатыны: қыс,аяз,боран 5. Басынан өткізген сезімі:тітіркену, қуану 6. Болашақтан күтетіні: өсу	Слайд Бейнеро-лик Сұрақтар жазылған парақша «Биопоз-ма» парақша-сы Слайд

	7. Мекен-жайы: ағаш 8. Тегі: өсімдік -Ендеше, сабағымызды әдемі өлеңмен аяқтайық. Көктем келді, құс келді, Ойнаймыз біз саз илеп. Біздің көлге түстенді, Былтыр кеткен қаз-үйрек. Көк көйлегін киді жер, Шешіп ап қар ішігін. Емірене сүйді жел, Тал-теректің бүршігін	
Соңы:	Оқушыларға бағалау парақшасындағы балдарын жинақтап, қортынды бағаларын шығарып, өз-өздерінің қандай баға алғандарын шығару. Кері байланыс парақшасын толтыру. Үйге тапсырма:мәтін мазмұнына сай мультфильмдік суреттер топтамасын салу, көктемгі бүршіктің пайда болуын бақылау	Бағалау парақша-сы Күнделік
Саралау: Оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?	Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз?	Ой шақыру «Ретін тап» «Араласып кеткен оқиғалар» Бейнеролик «Бүршік қалай пайда болады?»
		Жұптық жұмыс «Биопозма» әдісі
Рефлексия: Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге?		
Бағалау критерийлері		
А деңгей	В деңгей	С деңгей
Мәтінді мазмұндау немесе	Қосымша тапсырма	Өлеңді қатесіз

өлеңді жатқа айту	орындау	оқу
Мәтінді түсініп оқу, сұрақтарға жауап беру	Мәтінді оқу,сұрақтарға толық жауап бере алмау	Мәтінді қате оқу, сұрақтарға жауап бере алмау
Топта өз ойын еркін айту	Топта белсенділік танытқанмен ойын толық жеткізбеу	Белсенділік көрсетпеу
Толық толтыру	Толтыруда 1,2 қате жіберу	Дұрыс толтырмау
Кері байланыс:Қандай екі нәрсе табысты?		
Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды?		

S00007 12.12.2020

**Білім беру мазмұнын жаңарту барысында
математика пәні мұғалімдерінің жаңашыл әрекеттері**

АУЕЗОВА АГИЛА МУХТАРОВНА

*Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы
№ 25 негізгі мектебінің математика пәні мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Матеметиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты

ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік.

Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сыныпп математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол. Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсеңдемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі. Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану

оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады. Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

- Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
- Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
- Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
- Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- Талантты және дарынды балаларды оқыту.
- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
- Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

S00008 12.12.2020

Сүйіспеншілік жолындағы өмір

УТЕГЕНОВА САРВИНОЗ МАРАТОВНА

Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы
№ 25 негізгі мектебінің Өзін-өзі тану пәні мұғалімі

Мақсаты: Оқушыларға сүйіспеншілікпен өмір сүрудің мәнін түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: 1. Білімділік: Оқушыларды шынайы болуға үйрету. 2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы жанашырлық қасиеттерін дамыту. 3. Тәрбиелік: Оқушыларды адамдарға риясыз қызмет етуге тәрбиелеу.	Ресурстар: (материалдар, дереккөздер) 1.bilim-all.kz 2.https://angimeler.wordpress.com
Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. 5 Т – ережесі: 1. Тәртіп. 2. Талап. 3. Тыныштық. 4. Тазалық. 5. Татулық. Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып – білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік. 2. Үй тапсырмасын тексеру. 1. №30 – сабақ. «Адам жасампаздығы – ізгілігінде» тақырыбын «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқылап, эссе жазыңдар. 2. Келесі сабақ. №31, Әзілхан Нұршайықов шығармасынан үзінді Сұрақтар: 1. Мәтінде ана махаббаты қалай суреттелген? 2. Бала анасына махаббатын қалай білдірді? 3. Өздерің аналарыңа деген сүйіспеншіліктеріңді қалай білдіресіңдер?	

4. Ата-ананың мейірімі мен қамқорлығының, риясыз сүйіспеншілігінің бастауы қайда деп ойлайсыңдар? 5. Ата-ананың алдындағы перзенттік парызды қалай өтеуге болады?	
3. Сабақтың дәйексөзі. (Оқушыларға үш рет айтқызып, дәптерге жаздырту) Өмір – теңіз Жүзем онда деменіз Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз Рудаки Әбу-Л-Хасан Рудаки - тәжік классикалық әдебиетінің негізін салушы, философ. Сұрақтар: 1. Ізгілік дегенді қалай түсінесіз? 2. Өмірде әділсіздік жасаған кезіңіз болдыма? 3. Қоршаған ортамен қалай қарым-қатынас жасайсыз? 4. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?	
4. Оқиға айту (Мұғалім сыйы). “Жан жарасы жазылмайды” Ертеде қарияның ашушаң, ұстамсыз баласы болыпты. Бір күні қария баласына бір қапшық шеге беріп: - Өзіңді ашу қысқан сайын ағаш бағанға шеге қағып, ашуың басылған кезде, суырып аларсың, - дейді. Бала бірінші күні - ақ бағанға он шақты шеге қағылғанын байқап, өзін - өзі ұстауға, ашуға бой бермеуге тырысты. Қағылған шегенің саны күнбе-күн азая бастады. Бала бағанға шеге қағылғаннан гөрі ашуын басқан жеңіл екенін түсінді. Ақырында бағанға бір шеге қақпаған күнге де жетті. Сонда әкесі баласын бағанға жетелеп келіп: - Жарайсың, балам! Бірақ бағанның шұрық-шұрық болғанын көріп тұрған шығарсың? Ол ешқашанда бастапқы қалпына келе алмайды. Адамға жүрегіне ауыр тиетін сөз айтсаң, оның көңіліне жара саласың, оның жан дүниесі осы баған сияқты шұрық-шұрық болады. Одан кейін қанша кешірім сұрасаң да, жан - жарасы жазылмайды. Ашуыңды ақылға жеңгізе біл, балам,- дейді. Сұрақтар: 1. Әкесі баласын қалай ұстамдылыққа үйретті? 2. “Ашуды ақылға жеңгізе біл” дегенді қалай түсінесіңдер?	

3. Сіз сол баланың орында болсаңыз, ашуланған кезде өзге туралы жамандық айтасызба?	
5. Шығармашылық жұмыс Тапсырма: Жағдаяттық талдау. 1 Жанар қандай да бір жарыссөзге түсерде, оның ойында тек қана қайткенде де қарсыласынан сөзден ұту ниеті ғана тұратын. Қанша ұтымды ойлар айтқанмен, ол жеңіліске ұшырып қалатын. Себебі не леп ойлайсындар? 2 Бір үйдің екі қызы бар. Ата – анасы екеуіне бірдей жағдай жасайды. Бірақ ағайынды екі қыздың бірі ылғи, ешнәрсеге көңілі толмай, көңілсіз жүреді. Ал екіншісі керісінше шат – шадыман. Себебі неде? 3 Самат қанша әуреленсе де, есепті шығара алмай қойды. Мектепке келе сала көршісі Зейнептің дәптерін сұрап, одан көшіріп алды. Алғашқыларын көшіріп, келесі есепке келгенде, Зейнептің қатесін байқап қалды. Бірақ Самат өз дәптеріне есептің шешуін дұрыстап жазды. Алайда ол бұл туралы Зейнепке айтқан жоқ. 4 Сыныптас қыздар мереке қарсаңында би кешіне баратын болды. Олар кешке киетін көйлектері жайлы жарыса айта бастады. Айша ғана үнсіз. Би кешіне жеткен қыздар айна алдына жиналды. Бір - бірі қызыға қараған қыздар Айшаның жоқ екенін байқады...	
6. Топпен ән айту. «Мейірімді болайықшы ағайын» Сөзі: С.Қали. Әні Қ.Махан Көктем етіп көркейтсе де маңайын, Көріп жүрміз өкпешілдің талайын, Өшігуді қояйықшы өзгеге, Кешірімді болайықшы, ағайын! Көк нөсерін көл етсе де жауындар, Көк пен жерді сел етсе де дауылдар, Пейілдерді пенделікпен тарылтпай, Мейірімді болайықшы, бауырлар! Болашаққа қол ұстасып барайық, Ақиқаттың ауылын іздеп табайық, Кішірейіп кетпес ғазиз басымыз, Кішіпейіл болайықшы, халайық!	

Ел болғанмен емеспіз ғой онша көп, Сонда дағы бөлінумен шаршап ек, Өзімізге қалайтұғын нәрсені, Тілейікші өзгеге де болса деп. Ұлттың қамын жүректермен ұғынып, Жұрттың жүгін көтерейік жұмылып, Қаратайық Қыбылаға жүздерді, Таратайық адамзатқа жылылық!	
7. Үйге тапсырма. 1. №31 – сабақ. Сөйлемдерді өз ойларыңмен аяқтап жазыңдар. •Ойымыз, сөзіміз, ісіміз сүйіспеншілікке толы болса... •Сүйіспеншілік адам өмірінің негізі болса... 2. Келесі сабақ. №32, Ақселеу Сейдімбек шығармасынан үзінді	

S00009 12.12.2020

АТА-АНА, БАЛА БАЛАБАҚША

ДЖУМАГАЛИЕВА РАЯ ОМАРОВНА

Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы
№ 25 негізгі мектебінің мектепалды даярлық тобы мұғалімі

«Адамның адамшылығы ақылы, ғылымы, жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады. Адам баласын бауырым деу жүректің ісі»

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланы бесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқынын мысалын келтіріп жатады. Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс.

Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш – жігердің қажет етеді. Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей

жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа.

Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай,

сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

S00010 12.12.2020

Қауіпті табиғат құбылыстары

ЖАНАБЕРГЕНОВА ГУЛЯ САГЫНБАЕВНА

Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы
№ 25 негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Пән: Дүниетану Бөлім: Қоршаған орта Күні: Сынып:	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Қауіпті табиғат құбылыстары
Оқу мақсаты	2.2.2.1.Ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін талдау
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерлерін талдайды.

	Көптеген оқушылар: Адамдарға қауіп туғызатын және қауіп туғызбайтын табиғат құбылыстарын ажыратып, одан қорғану жолдарын біледі Кейбір оқушылар: Шаруашылықтарға қандай табиғат құбылыстар зиян келтіретінін және одан қорғану жолдарын біледі.	
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану, жинақтау	
Бағалау критерийлері	• Табиғат құбылыстары туралы біледі. • Қолайсыз және қауіпті табиғат құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді. • Табиғаттың қолайсыз және қауіпсіз құбылыстарын талдау арқылы топтастырады.	
Тілдік мақсат	-Климат және сәйкес табиғи құбылыстар тақырыбын бейнелейтін лексиканы оқып үйренеді. - Табиғи жағдайлар туралы айта алады. - Табиғи қолайсыз жағдайларды анықтай алады.	
Құндылықтарды дарыту	Топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында ынтымақтастық орта қалыптастыру. Адамгершілік, алған білімді қолдана білу, еңбексүйгіштік қасиеттерді насихаттау.	
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану пәнімен табиғи құбылыстарын ерекшелігін жіктеу. Әдебиеттік оқу ауызекі сөйлеу тілдері дамиды.	
АКТ қолдану дағдылары	Ғаламтордан алған суреттер, интербелсенді тақта	
Алдыңғы білімді игерулері	Табиғат құбылыстарын атау	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5минут	Ширату тапсырмасы. Оқушыларды «Пазл» әдісі арқылы табиғат құбылыстарын құрастыру арқылы 3 топқа бөлу.	интербелсенді тақта, табиғат құбылыстарының суреттері

	1-топ «Жаңбыр» 2-топ «Найзағай» 3-топ «Жел» «Кір жайғыш» әдісі арқылы жұмбақтарды шешеді. Жұмбақтар конвертке жасырылады, кір жайғыштан алады. 1.Дүрліктіріп қырқаны Шақпақ тастың жарқылы. Бұлт көрпесін жыртады.(найзағай) 2.Таудан топ түсті, Аяқ-қолы жоқ түсті.(бұршақ) 3.Жылт-жылт еткен, Жылғалардан өткен.(су) 4.Үлкен алтын табақтан Әлемге нұр таратқан.(күн) 5. Шөпті жапырып, Құмды сапырып, Қоқысты үйіріп, Әкеткен не шүйіріп? (Құйын) -Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не деп ойлайсындар? - Табиғат құбылыстары. - Табиғат құбылыстары нені құрайды? - Ауа райын. Бүгінгі біздің сабағымыз қауіпті табиғат құбылыстарымен танысамыз және де ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін білетін боламыз. ҚБ «Дұрыс па, бұрыс па?» әдісі	    
Сабақтың ортасы 10 минут	Білу және түсіну МК: Табиғатта болып тұратын өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Тірі және өлі табиғатта үнемі өзгерістер болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: ағаштар мен шөптер көктейді және құрайды. Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары.	Оқулық 87бет 

10минут	Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. 1-тапсырма ТЖ«Ойлан,топтас,бөліс» әдісі. Табиғат құбылыстары туралы айтады және пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетіп, сәйкестендіреді. I-топ Найзағай адамға қандай зиян келтіреді? II- топ. Құрғақшылықтың адам өміріне зияны? III-топ Толассыз жауынның адам өміріне әсері.	
10 минут	Дескриптор • Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. • Пайдасы мен зиянын талдау арқылы көрсетеді. • Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді. ҚБ «Қөңілді жұлдыздар» 2-тапсырма « Мозайка » әдісі Барлық оқушыларға табиғат құбылыстарының суреті беріледі, аталған құбылыстарды топтастырады. Қолайсыз Қауіпті Дескриптор Қолайсыз және қауіпті құбылыстарды топтастырады. ҚБ «Қол шапалақтау» Тапсырманы өте жақсы деңгейде орындаған оқушыны қол шапалақтау арқылы бағалау 3-тапсырма «Сия жұмсаушы» әдісі арқылы табиғат құбылыстары туралы кластер құрастырады. Дескриптор: -Табиғат құбылыстарының қауіпті жағдайларын атайды -Табиғат құбылыстары туралы жазады. - Қолайсыз және қауіпті құбылыстардың	Оқулық 89 бет

	ерекшеліктерін көрсетеді. Саралау:Жұмысқа берілген қысқа уақытта әр топ тез және үйлесімді жұмыс жүргізе біледі. ҚБ «Бір-бірін бағалау» әдісі Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды. Өз жұмысында нені жақсарту керектігін анықтайды.	
Сабақтың соңы 5 минут	ҚБ «Кім жылдам» әдісі Табиғи қауіп төнген кезде қажет болатын заттарды 1минут ішінде сөмкеңе сал! Рефлексия -қолымнан бәрі келді  -бәрін үлгеремін, бірақ...  -қолымнан ештеңе келмейді  Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді үш түрлі суреттің біріне стикерлеріңізді жапсырыңыздар.	 слайд
Үйге тапсырма	Түсініп оқу 87-89 бет	
Саралау Төмендегі саралау тапсырмаларын сынып оқушыларының қажеттілігіне қарай мұғалім өз өзгертіп отыруы қажет.	Бағалау -оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын ың сақталуы
1,2,3 тапсырма – «Тапсырма бойынша саралау» негізінде «Пазл», «Кір жайғыш» ,«Ойлан,топтас,бөліс», «Мозайка», «Кім жылдам?», «Сия жұмсаушы» әдістер арқылы тапсырмалары орындалады.	«Дұрыс па, бұрыс па?»әдісі, «Қол шапалақтау» әдісі, «Көңілді жұлдыздар», «Бірін-бірі бағалау» әдісі Дескриптор: -Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. -Пайдасы мен зиянын	Демалыс кезіндегі қауіпсіздікті сақтау, өз заттарына ұқыптылықпен қарау.

Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі. «Уақыт арқылы саралау» негізінде «Рефлексия» әдісі арқылы тапсырма орындалады. Бұл тапсырма кезінде пікірлерді дәлелдеуде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға қолдау беріледі.	жіктеу арқылы көрсетеді. • -Қауіпті табиғи құбылыстар кезінде 112 құтқару қызметінің рөлі мен маңызын есте сақтайды. -Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді	
Сабақ бойынша рефлексия Саралау тәсілдері арқылы сабақты ұйымдастыру ұнады. Оқу мақсаттарын , сабақ мақсаттарын, бағалау критерийлері мен дескрипторларын байланыстыра отырып, белсенді оқуды жоспарлау мен үшін құнды болды.		
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: Оқушылардың қарқын тәсіл арқылы, деңгейлерін анықтау. 2:Топта ұйымшылдық жұмыс жасағандары. Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: Оқушылармен диалогқа жиі түсу арқылы олардың қажеттілігін біліп отыру. 2: Оларды үнемі қолдап мадақтап, қолпаштап отыру. Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? 2. Оқушыларымның мүмкіндік деңгейінің жоғары екенін, шығармашылық қабілеті бар оқушыларыммен жеке жұмыстарды жандандыру керек екенін білдім.		

S00011 12.12.2020

Ағылшын тілінде қашықтықтан оқытудың тиімді жолдары

ЗАЙТИНОВА ЖАМИЛА ТАНИРБЕРГЕНОВНА

*Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы
№ 25 негізгі мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Соңғы кездері қашықтықтан оқыту жүйесінің еліміздің білім беру саласында кеңінен қолданылуы тілді оқытуды жандандырып отыр. Шетел тілін қашықтықтан оқыту ұстаз бен оқушының белсенді әрекетімен тығыз байланыса отырып, ұстаздыңда, оқушыныңда белсенділігі ізденушілік әрекетінде көрініс тауып отыр. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқушының белсенділігі, оқушыларға қажетті білімді, іскерлік, дағдыны жедел жеткізуге және шығармашыл, өзін-өзі басқара алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осыған сәйкес, оқушы мен оқу тобының белсенділігі ағылшын тілін компьютер арқылы тез меңгеруге, өзіне керекті қатысымдық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға, жеке тұлғаға қажет қасиеттерді қабылдауға, белсенді саналы жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы онлайн түрде сабақ беру үшін алдымен онлайн түрде жаза білу керек, одан соң сіздің алдыңызда адам отырмайды, ол монитордың арғы жағында отырған адамға жеткілікті дәрежеде білімді жеткізіп беру үшін, сіздің сөйлеу қабілетіңіз болу керек, одан бөлек жазған материалдарды дұрыс жазу үшін техникалық қабілет болу керек, видео жасау оны монтаждау содан соң өз материалымызды тыңдаушыға қызықты етіп жеткізе білуіміз керек. Менің ойымша осылардың біреуі жоқ болған жағдайда онлайн сабақ беруде қиындыққа душар болуымыз мүмкін.

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы (АКТ) дамудың арқасында қашықтықтан білім беруде көптеген технологиялық құралдар қолданыла бастады. Skype, Zoom, Microsoft Teams, Google Hangouts Meet және басқа да көптеген осындай платформалар сияқты бағдарламалық қосымшалардың құралдарымен онлайн топтық сабақтарға арналған, толыққанды тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Қашықтан оқыту арқылы тілді үйренуге келетін болсақ, жалпы оқушыны басқа тілде сөйлесуге үйрету – оқытушының басты міндеті. Шет тіліндегі лексика, грамматикалық құрылымдар, сөз тіркестері оқушыға оқып жатқан материалдың тез және берік бекінуіне септігін тигізетін шынайы эмоционалды жағдай контекстінде ұсынылады.

Қашықтықтан оқыту үрдісінде кеңінен қолданылатын оқытуға арналған программалық құрал –компьютерлік оқыту жүйесі. Ол мынадай әрекеттерге мүмкіндік береді:

- а) тілді меңгеру үрдісін жекешелендіру;**
- б) тілді меңгеру деңгейін өзін-өзі бақылаумен қамтамасыз ету;**
- в) компьютерде жұмыс істеу арқылы тілді үйрену уақытын үнемдеу;**
- г) ойын элементтерін пайдалану арқылы тіл үйренуге қызығушылықтарын арттыру;**
- д) әр түрлі материалдар арқылы танымдық мәдениетін қалыптастыру.**

Қашықтан оқуда оқушылар мәдениет арасында байланыс орнатады, сондықтан шет тілін үйрену процесінде оқушы тек тілді ғана емес, сол елдің мәдениетінде үйренеді.. Басқа елмен сұхбаттасу үшін сол елдің мәдениетін жақсы білу керек. Сонда мәдениеті, білімдері, діни көзқарасы бөлек оқушылар арасында емін-еркін ақпарат алмасады. Басқа елмен байланысу үшін алдын ала оқушының психологиясын дайындау керек. Ол үшін әр түрлі тренинг өткізу керек. Бұл тренингте басқа елдердің мәдениетімен, олардың арасындағы айырмашылықтарды таныстыру керек.

Қорытындылай келгенде, қашықтықтан оқытудағы оқу қызметінің басты элементі – өз бетімен жұмыс істей білу. Ал, әдістемесінің ерекшелігі – тіл үйренуші қалай болғанда да, тапсырманы өз бетімен орындайды және кез-келген сәтте мұғалімнен қажет көмегін ала алады. Тіл үйренетін оқушы – «дүниежүзілік өрмектегі» кез келген анықтамалық әдебиетті пайдалана алады. Оқу үрдісінде бір деңгейден екінші деңгейге бақылау тестін тапсырып, көше алады.

Қашықтан шетел тілін оқытудың міндетін түсіну үшін оқушылардың арасында мониторингтік сараптамасы жүргізілу керек. Мониторинг нәтижесі бойынша қашықтықтан оқыту шетел тілін оқу процесіне жағымды әсер етеді деп ойлаймын.

S00012 12.12.2020

Жаңартылған білім мазмұны-заман талабы

ТАУКЕНОВ ЕСЕНБАЙ ДҮЙСЕНБАЕВИЧ

Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы

№ 25 негізгі мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ.Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды.Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім.Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.Болашақта өркениетті,дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет:ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең,іскер және ойлауға қабілетті,әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру.Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады.Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері,соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.Жаңартылған білім беру бағдарламасы –озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды.Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе,Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды»негізгі тапсырма етіп жүктейді.Функционалдық сауаттылық,кеңінен алғанда,білім берудің / бірінші кезекте жалпы білім беруді / көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі.Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік,мәдени,саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына,сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді. Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайды. Әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды. Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды. Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді. Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сыни тұрғыдан ойлауға үйреті; оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау; оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді. Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы. Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.

S00013 12.12.2020

**Тарих сабағында интербелсенді оқыту
арқылы оқушының өзіндік пікірін қалыптастыру**

ҚАЛБАЙ ЖАМБЫЛ ОҢҒАРБАЙҰЛЫ

*Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы
№ 25 негізгі мектебінің тарих пәні мұғалімі*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Адамзат үшін 21 ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз...

Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деп атап көрсеткендей, бүгінгі ұстаздар қауымы алдында үлкен міндет жүктелгенін байқаймыз.

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәсе-лесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ. Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағытталу, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интер — активті деп аталып жүр. Бұл әдістерді қолдану сырттай өте жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Білім сапасын жақсартып отырып, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мен инновациялық технологиялар ішінен «Тарих сабағында интербелсенді оқыту технологиясы арқылы оқушының өзіндік пікірін қалыптастыру» тақырыбын алдым. Негізгі мақсат - оқушылар арасында еркін, ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату, оқушыларға білімді өз бетімен ізденуге бағыт-бағдар сілтеу, оқушыларға қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру, белсенділікті дамыту;

Технология» сөзі грек тілінен аударғанда «өнер, шеберлік - ілім» деген мағынаны білдіреді. Бұл термин әдетте өндірісті сипаттауда кеңінен қолданылып келді. Ал педагогика ғылымы тұрғысынан қарастырғанда «шеберлік пен ілім қосындысын» білдіреді. Технология - қандай да бір әрекетте, шеберлікте, өнерде қолданылатын тәсілдер жиынтығы. Олай болса, кәсіби әрекетте, ұстаздық шеберлікте, педагогикалық өнерде технологияның маңызы ерекше. Ғалым-педагог В.П.Беспалько педагогикалық технологияға мынадай анықтама береді: «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» [5]. Мұнда ғалым педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырады.

Оқыту технологияларының қағидасы - оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болады; - өздігімен оқытудың осындай мақсаттарын жүзеге асыру үшін, білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсат - жаңа технология талаптарына сай жаңа оқулықтар мен дидактикалық құралдар жазу болып табылады. Олардың құрылымын электрондық оқулық арқылы жасап, жаңа заман талабына сай білім беру бүгінгі таңдағы біздің міндетіміз.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі-«интербелсенді оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интербелсенді әдістерде басты назарды “процеске”, яғни үйрену процесінің өзіне, білім алушылардың “қалай” және “қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интербелсенді сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекскеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады. Интербелсенді әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің

жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі.

Қытайдың бір нақыл сөзінде: "Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін" делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады. Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білім алушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі білім алушылардың белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың бастамасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интербелсенді әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқу үрдісінің барысында оқушылар мыналармен қарым – қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
2. Оқушылармен (жұптасып жұмыс істеу барысында)
3. Шағын топтармен (3-4 оқушымен);
4. Оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
5. Техника түрлерімен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде).

Интербелсенді оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтаумен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс әрекетінде.

Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс – әрекетінде. Интербелсенді әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б. Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, компьютерлер бейне

фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды пайдалана отырып, таныстырулар жатады.

Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- * әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- * әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- * оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- * оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- * кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- * оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- * өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- * мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Қазіргі уақытта оқу сабақтары барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету –

әр педагогтың басты міндеті. Сын тұрғысынан ойлаудың 60-тан астам стратегиялары бар. Өз іс-тәжірибемде болжау, Т-кестесі, инсерт, кластер, ассоциация, венн диаграммасы, семантикалық карта, Джигсо, мозаика, ыстық орындық, ақылдың 6 қалпағы, дананың кілті, БҮҮ, РАФТ, 5 тармақ, екі жақты күнделік, кубизм т.б. стратегияларын кеңінен қолданып, сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының иерархиялық моделі Блум таксономиясы арқылы жоспарлап өткізудемін. Сөзім дәйекті болу үшін бір сабағымда қолданылған әдіс-тәсілдерімді ұсынамын.

5 сыныптың Қазақстан тарихы пәнінде «Ежелгі көшпенділердің дүниетанымы» тақырыбында өткізген сабағымда 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау оқу мақсатын негізге ала отырып, «Шеберлер», «Зергерлер». «Қыш құмырашылар» деп үш топқа бөлдім.

«Кубизм» әдісі арқылы өткен сабақтарға шолу жасалды.

«Кинометафра» әдісін пайдаланып «Ежелгі көшпенділердің дүниетанымы» видео көрсете отырып, төмендегідей сұрақтар қоя отырып миға шабуыл жасадым.

Видеода не туралы айтылып жатыр?

Бұл видеоны қандай мақсатта көрсетті деп ойлайсыңдар?

(Ұтымды пікір айтқан топ мүшелеріне топ басшысы 2-5 аралығындағы әркім өз топ аттарына сәйкес (мысалы: зергерлер тобы сырға, сақина) суреттерін бере отырып бағалайды.

«Ақылдың 6 қалпағы» әдісі арқылы топтық тапсырмалар беру арқылы.

Салт-дәстүр дегеніміз не? Ітоп «Ас беру рәсімі » Үш сұрақ құрастырады ІІ топ «Көкпар ойынының шығу тарихы » Суретті әңгімеге айналдыр ІІІТоп

«Саятшылық туралы» Үш дәйек келтіру деген сұрақтарға жауап бере отырып оқушылар топта бірлесе жұмыс істеуге. Бір-бірін тыңдай білуге, құнды пікірлер айта білуге талпынды.

КӨКПАР ОЙЫНЫ: арқылы жұптық жұмыс жүргіздім «Сиқырлы қалпақша» қойылады. Оқушылар жұптарымен ақылдаса отырып, екі сұрақтан қағазға жазып қалпақшаға салады. Өзге жұптың оқушылары қалпақшадан бір қағазды алып, жазылған сұраққа жауап беруі тиіс. Жауап дұрыс берілмеген жағдайда ұпай (немесе салым) сұрақ басқа жұпқа беріледі. Оқушылар жұпта жұмыс істеу арқылы әркімнің пікірі құнды екенін түсіне білді Көзбен көрсетіп, өздері түсіндіреді. Жауапкершіліктері дамиды.

«Соңғы сөзді мен айтайыншы» әдісі

Сендердің отбасыларында салт – дәстүрлер қалай сақталуда? Олардың маңызы неде? тақырыбында қалыптастырушы бағалау берілді. Сұрақтардың аясында шағын әңгіме құрап оқушылар жеке жұмыстар жүргізу барысында белсенділік танытты,

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Жалпы осы аталған бағдарламаның: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық модульдерін болашақта да барлық өзімнің сабақтарымда қолданып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге тырысамын. Бұл модульдердің сабақтарда тигізетін пайдалары өте көп. Сабақтарымыз үнемі мазмұнды, нәтижелі,

S00014 12.12.2020

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

БАЙГУТОВА ЛЯЗЗАТ КУАНЫШБАЕВНА

Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы
№ 25 негізгі мектебі бастауыш сынып мұғалімі

Мектеп:		
Сабақ тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері		
Пәні: Дүниетану		
Күні:	Мұғалімнің есімі :	
Сынып:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	2.3.5.2 Бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін біледі және оларды атай алады; Оқушылардың басым бөлігі: Мемлекеттік рәміздердің мән-мағынасын аша алады. Кейбір оқушылар: Мемлекеттік рәміздердің қолданылу саласын анықтайды.	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын атайды.	
Тілдік мақсаттар	Мемлекеттік рәміздер және оның қолдану саласы туралы әңгімелей алады. Пәнге тән лексика мен терминология: Ту,елтаңба,гимн,мемлекеттік рәміз Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Салт-дәстүр,ауыз әдебиет Үш тілділік: ту – флаг – flag	

Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану	
Құндылықтарды дарыту	❖ Жеке жұмыс жасау кезінде өзгелердің пікіріне құрметпен қарауы; ❖ Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және патриоттық тәрбиеге баулу. ❖ Оқушылар топпен жұмыс жасауда достық және айналасындағыларға қамқорлық көрсету, қарым-қатынас жасауы қалыптасады	
Пәнаралық байланыстар	Қазақ тілі, әдебиеттік оқу	
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, слайдтар, бейнежазбалар.	
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Мемлекеттік рәміздерді біледі.	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 5 минут	1. Ұйымдастыру. Ширату. Оқушылар топта тұрып бір-біріне сәттілік тілейді. 2. Оқушылардың қызығушылығын ояту: Оқушыларға көздерін жұмып, олардың нағыз Қазақстандық екенін сезінуге немесе ұғынуға көмектесетін екі зат туралы ойлаулары сұралады. Олар көздерін ашқан кезде оқушылардың жауаптары тыңдалады. -Балалар, көз алдарыңызға не елестеді? (Ту, Астана қаласы, Бәйтерек, Елтаңба, Президент, т.б.) - Неліктен? (Себебі,) Оқушылардың жауаптары тыңдалады. Топтарға біріктіру. «Ынтымақ», «Достық», «Бірлік». Оқушылар күннің, ұлттық оюдың және қыранның суреттерін таңдау арқылы топтарға бірігеді.	Топтың аты

	Сабақтың ұранымен таныстырылады “Білімдінің жұлдызы жарық», сабақ барысындағы орындалған жұмысқа жұлдызшалар беріледі. Ой қозғау: -Балалар, неліктен бұл суреттерді таңдадық? Суреттегі заттар қайда бейнеленеді? -Балалар, қалай ойлайсыздар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ? (оқушылар жауабы тыңдалады) Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.	
Ортасы 5 минут	Интерактивті тақтадан «Тәуелсіз Қазақстан» бейне жазбасы көрсетіледі. Жұптық жұмыс. «Сен – маған, мен - саған» әдісі. Бейнежазба бойынша оқушылар бір-біріне сұрақ қояды, жауап береді. - Қазақстан қандай ел? - Қазақстанның мелекеттік нышандары қандай? - Қазақстанның астанасы қай қала? - Ел президенті кім? - Мемлекеттік нышан деген не?	https://www.youtube.com/watch?v=bgiV_8YvbqI
6 минут	«Мемлекеттік рәміздер» атты слайд көрсетіледі. Топтық жұмыс. Сиқырлы микрофон Тапсырма: өз мектебімізге шетелден туристер келді делік. Келген қонақтарға еліміздің мемлекеттік рәміздерін таныстыру керек. Топ болып ақылдасып, араларынан бір журналист шығып айтады.	Слайд
3 минут	1 топ – елтаңбаны; 2 топ – туды, 3 топ – гимнды таныстырады. Жұлдызшалар арқылы бағаланады. Мемлекеттік рәміздер қайда қолданылады? Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырып айт.	Суреттер

5 минут 5 минут 5 минут	Дескриптор: - Мемлекеттік рәміздер жайлы біледі. - Мемлекеттік рәміздердің қолданылу аясын анықтайды. Көңілді смайликтер арқылы бағаланады. Оқушылар геометриялық фигуралар арқылы кері байланыс береді. Жұлдызша – маған бәрі түсінікті. Төртбұрыш – сұрақтарым бар. Үшбұрыш – көмек керек. Оқулықпен жұмыс. Дәптермен жұмыс.  Суретте берілген Елтаңбада нелер бейнеленгенін жаз. Ол бейнелер қаланы айшықтап тұр ма? Байқоңыр қаласының Елтаңбасы _____ _____ _____ Көкшетау қаласының Елтаңбасы _____ _____ _____ Қарағанды қаласының Елтаңбасы _____ _____ _____	Оқулық Жұмыс дәптері Деңгейлік тапсырма
--	--	--

	Саралау бойынша тапсырмалар. Қай белгі екенін анықтаңыз. 1.Төлқұжатта, туу туралы куәлікте, орта білім туралы аттестатта құжаттарда бейнеленген (Елтаңба) 2.Президент резиденциясында, Үкімет үйінде ілулі тұрады. Барлық мекемелерде бар. (Ту) 3.Республика, облыс, аудан көлеміндегі маңызды салтанатты мәжілістерде орындалады. (Әнұран)	
Аяқталуы 4 минут	Сабақты қорытындылау. «Ия, жоқ» әдісі Сын тұрғысынан сұрақтарға жауап беру (иә, жоқ) 1. Қазақстан жері кең байтақ 2. Қазақстан 5 мемлекетпен шектескен 3. Астанасы – Алматы 4. Ұлты қазақ 5. Пайдалы қазбаларға өте бай 6. Өсімдіктер әлемі алуан түрлі 7. Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық - өзендер 8. Ту, Елтаңба, Әнұран еліміздің рәміздері 9. Мемлекеттік тіл – орыс тілі 10. Менің Отаным – Қазақстан Кері байланыс: «Білім қоржыны»  Бағалау. «Білімдінің жұлдызы жарық». Жұлдыз көп жинаған топ анықталады. Жұлдыз саны бойынша «Нәтижеге жетті», «Талпыныс бар», «Әлі де іздену керек» қорытынды кері байланыс жасалады.	 
Қосымша ақпарат		
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға	Топтық жұмыс, жұптық және жеке жұмыс арқылы сабақты меңгерту барысында «Ширату жаттығуы» арқылы сыныпта көңілді ахуал орнатамын. «Ой	

қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	қозғау» әдісі арқылы тапсырма беремін.Топтық тапсырмалар орындайды, бір-бірін бағалайды. «Иә, жоқ» әдісі арқылы сын тұрғысынан сұрақтарға жауап береді. Тапсырмаларды жылдам қарқынмен орындайтын оқушыларға қосымша тапсырма жоспарлаймын. (Деңгейлік тапсырмалар)
Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	«Мадақтау»-жарайсың, өте тамаша, жақсы, керемет ... т.б. Басбармақ арқылы, «Геометриялық фигуралар» әдісі, «Білім қоржыны» әдісі, жұлдызшалар, көңілді смайликтер, ауызша және стикерлер арқылы қалыптастырушы бағалауды іске асырамын
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	
Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1. 2. Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек? 1. 2.	

S00015 12.12.2020

Математика әлемі

БАЛЫМБЕТОВА КАМШАТ АЙТБАЕВНА

Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы

№ 25 негізгі мектебінің мектепалды даярлық тобы мұғалімі

Сабақтың мақсаты: оқушылардың математикалық қабілеттерін, жылдамдық, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін өмірде қолдана білуді үйретеді.

Көрнекілігі: 0-ден 10-ға дейін кеспе цифрлары. Мақта қыз бен мысық ертегісінің суреттері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Психологиялық дайындық.

Бір-біріміздің қолымыздан ұстап алақан жылуы арқылы бір-бірімізге жылы лебіз айтайық, жақсы тілек тілейік.

3. Негізгі бөлім. Балалар, бүгін біз ертегілер әлеміне саяхатқа шығамыз.

1. Кіріспе әңгіме. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін әңгімелейді.

Мысық қатықты төгеді, Мақта қыз құйрығын кесіп алады.

Мысық: Апа, құйрығымды берші?- деп жалынады.

Қыз: Сен берілген тапсырмаларды орындасаң мен сенің құйрығыңды қайтарып беремін, - дейді.

1. Сиырдың тапсырмасы:

1-ден 10-ға дейін өсу ретімен және кері санау.

2. Ағаштың тапсырмасы: «Логикалық есептер»

а) Табақта үш алма,

Қолымда екі алма,

Біреуін әжеме беремін,

Біреуін атама беремін,

Екеуін беремін анама,

Әкеме нешеуі қалады? (2)

Ә) Ағаштың басында,

10 жапырақ тұр еді.

Жел тұрды да үзіліп,

Ұшып кетті біреуі.

Ізінше оның жұлынып,

Түсті тағы екеуі.

Тұр әлі де ілініп,

Жапырақтың нешеуі? (7)

3. Қыздардың тапсырмасы: Ойын: «Төртінші артық»

Балаларға суреттер көрсетіледі. Онда төрт сурет бейнеленген. Олар артық суретті тауып, неге артық екенін айтып түсіндіру керек.

Сергіту сәті.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ,

Беске бесті қосайық,

Алақанды соғайық.

4. Дүкеншінің тапсырмасы: «Мысалдарды шығар»

$5+1=4+1=9+1=6-2=8-3=5-1=$

5. Тауықтың тапсырмасы: Дидактикалық ойын: «Көршісін тап»

Балаларға карточкалар таратылып беріледі. Онда сандар қатары беріледі. Кейбір сандары жазылмаған. Балалар жоқ сандарды жазу керек.

6. Тышқанның тапсырмасы: Дамытушы ойын: «Артақ пішінді тап»

Төрт пішіннің ішінен қалғанына ұқсамайтын артығын тауып, неге артық екенін айтқызу.

Мақта қыз мысыққа ризашылығын білдіріп, мысықтың құйрығын қайтарып береді.

Қорытынды.

Педагог :

Балалар сендерге мысыққа көмектескен ұнады ма?

S00016 12.12.2020

Көркем еңбек пәнінен жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері

ЖУМАГАЛИЕВА ТАМАРА ОМАРОВНА

Жамбыл облысы, Қордай ауданы Арал ауылы

№ 25 негізгі мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі

Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым –қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз –Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде .

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу»бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену –Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс – қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған . Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
- азаматтық нарыққа қатыса алады;
- өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу мектептің материалдық –технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты.

Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау. Ата-ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

Біздің негізгі ұстанымыз: «Сөзден - іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т. б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.

Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру.

Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі - мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ - оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы . Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация –оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу - оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық. Саралап оқыту - оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. - оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану - сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т. б.

Технология - пәні география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі - қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі.

Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу - қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн .

Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады.

Технология сабағында жобалау әдісін қолдану

Жоба - әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар

да пайдаланылады.

Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін.

Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес.

Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды .

Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі.

Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.
2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады
3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі - ақпаратты іздеу болып табылады.
4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы - нәтиже:
5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек.

Шығармашылық жоба - әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандай да болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдымдылықпен тыңдап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті.

МАЗМҰНЫ

- ЕРЖАНОВА АЙНУР КУРБАНОВНА
- АБДУЛОВА НАЗГУЛЬ АЛИБАЕВНА
- КОСАЕВА МАНШУК САХИЕВНА
- АУЕЗОВА АГИЛА МУХТАРОВНА
- УТЕГЕНОВА САРВИНОЗ МАРАТОВНА
- ДЖУМАГАЛИЕВА РАЯ ОМАРОВНА
- ЖАНАБЕРГЕНОВА ГУЛЯ САГЫНБАЕВНА
- ЗАЙТИНОВА ЖАМИЛА ТАНИРБЕРГЕНОВНА
- ТАУКЕНОВ ЕСЕНБАЙ ДҮЙСЕНБАЕВИЧ
- ҚАЛБАЙ ЖАМБЫЛ ОҢҒАРБАЙҰЛЫ
- БАЙГУТОВА ЛЯЗЗАТ КУАНЫШБАЕВНА
- БАЛЫМБЕТОВА КАМШАТ АЙТБАЕВНА
- ЖУМАГАЛИЕВА ТАМАРА ОМАРОВНА